

**Шаған кенті мен Новобаженово ауылдық округіне ірі қара малдарынан және Алғабас ауылдық округіне қой-ешкі малдарынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу қою туралы**

### **Күшін жойған**

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімдігінің 2008 жылғы 4 қарашадағы N 1238 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Эділет департаментінің Семей қаласындағы Эділет басқармасында 2008 жылғы 24 қарашада N 5-2-96 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкім аппаратының 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 4224/05-02 хатымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкім аппаратының 2009.12.30 N 4224/05-02 хатымен.**

Қаланың мемлекеттік ветеринарлық бас инспекторының 2008 жылғы 21 қазандағы № 1215 ұсынысы негізінде және Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-11 “Ветеринария туралы” Заңының 10-бабының 2 тармағының 9) тармақшасына сәйкес, қала әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шаған кенті мен Новобаженово ауылдық округіне ірі қара малдарынан және Алғабас ауылдық округіне қой-ешкі малдарынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу қойылсын.
2. Шаған кенті мен Новобаженово ауылдық округіндегі ірі қара малдарынан 1-қосымшаға сәйкес және Алғабас ауылдық округіндегі қой-ешкі малдарынан 2-қосымшаға сәйкес, бруцеллез ауруының алдын алу жөні туралы қоса беріліп отырған іс - шаралар бекітілсін.
3. Қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т.Ж.Мұсәпірбековке жүктелсін.
4. Қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Семей қаласы әкімінің

міндеттін атқарушы

C. Оразалиев

Қала әкімдігінің  
2008 жылғы 04 қарашадағы  
№ 1238 қаулысына  
1-қосымша

**Шаған кенті мен Новобаженово ауылдық округіндегі  
ірі қара малдарынан бруцеллез ауруының алдын-алу және  
жою жөніндегі іс-шаралар**

№ п/ п	Iс-шаралардың аталуы	Мерзімдері	Жауптылар
1.	Шаган кенті мен Новобаженово ауылдық округіндегі барлық малдардың түрі есепке алынсын	үнемі.	кент және ауылдық округ әкімдері
2.	Шаган кенті мен Новобаженово ауылдық округіне уактылы ветеринарлық-санитарлық шараларды жүргізу	үнемі.	кент және ауылдық округ әкімдері, ҚР АШМ АӨК МИК СҚАИ
3.	Шаган кенті мен Новобаженово ауылдық округіне басқа жақтан малдарды әкеліп қосуға және әкетуге жол бермеу	үнемі.	кент және ауылдық округ әкімдері
4.	Шаган кенті мен Новобаженово ауылдық округінде бруцеллез ауруымен ауырған малдар жайылған жайылымдардан дайындалған мал азығын үш ай уақыт сақталғаннан кейін ғана пайдалану.	сауықтыру уақыты кезінде	кент және ауылдық округ әкімдері
5.	Бруцеллезбен ауырған сиырлардың сүтін саууға тыйым салынады. Аурудан таза емес пункттегі теріс нәтиже берген сиырлардан алынған сүт (кілегей) 70 градус С 30 минут бойы залалсыздандырылады, пісріледі немесе тортасы айырылған майға өндөледі	сауықтыру уақыты кезінде	кент және ауылдық округ әкімдері, ҚР АШМ АӨК МИК СҚАИ
6.	Бруцеллезге оң нәтиже берген аулалардағы қой-ешкі малдарынан 15 -20 күн сайын қан алынып серологиялық жолмен (РА, РСК, РДСК, РБП) бруцеллез ауруына тексеру.	толық сауықканша	ҚР АШМ АӨК МИК СҚАИ
7.	Бруцеллезге оң нәтиже берген малдарды басқа малдардан оқшаулайды және олардың асыл тұқымдығына, өндірістік мәніне, салмағына, жасына, буаздығына карамастан бордақыламай 5 күн ішінде етке союға өткізеді	сауықтыру уақыты кезінде	ҚР АШМ АӨК МИК СҚАИ, Павлодар және ШҚО бойынша РМҚК "Респубикалық індеге қарсы жасақ"
8.	Бруцеллез ауруына шалдықкан малдардың тұрған орындары мұқият тазаланып, дезинфекция жасалынуы керек. Дезинфекцияның дұрыс жасалғанының қортындысын тексеру үшін ветеринарлық зертханага сараптама жасауға сынама (проб) іріктеп алып, оны жіберу.	сауықтыру уақыты кезінде	ҚР АШМ АӨК МИК СҚАИ, Павлодар және ШҚО бойынша РМҚК "Респубикалық індеге қарсы жасақ"
9.	Шаган кенті мен Новобаженово ауылдық округіндегі ірі қара малдарының соңғы екі жолғы қаннның серологиялық тексерісінде теріс нәтиже бергенше тексеріп, соңынан мал кораларына толық дезинфекция жүргізу	толық сауықканша	ҚР АШМ АӨК МИК СҚАИ, Павлодар және ШҚО бойынша РМҚК "Респубикалық індеге қарсы жасақ"
10.	Шаган кенті мен Новобаженово ауылдық округінің тұрғындарының медициналық дәрігердің қадағалауында болуын және адамдардың жеке басының санитарлық зоогигиеналық талаптарды катаң сактауларын, малдарды күтуде арнаулы киімдерді пайдалануын қадағалау	үнемі.	ШҚО МСЭҚД Семей қаласы бойынша басқармасы
	Шаган кенті мен Новобаженово ауылдық округінің тұрғындарына		ШҚО МСЭҚД

11	малдан жұғатын бруцеллез ауруының алдын алу және одан сактану туралы насиҳат жұмыстарын жүргізу	үнемі.	Семей қаласы бойынша басқармасы
12	Тексергенде екі рет теріс нәтиже алғаннан соң, ірі қара малдары 3 ай уақытқа бақылауға қойылып, 1-1,5 ай аралығында серологиялық әдіспен екі рет тексеруден өткізу.	сауықканнан кейін	ҚР АШМ АӨК МИК СҚАИ

Қала әкімдігінің  
2008 жылғы 4 қарашадағы  
№ 1238 қаулысына  
2-қосымша

## **Алғабас ауылдық округіндегі қой-ешкі малдарынан бруцеллез ауруының алдын-алу және жою жөніндегі іс-шаралар**

№ п/ п	Іс-шаралардың аталуы	Мерзімдері	Жауаптылар
1.	Алғабас ауылдық округіндегі барлық малдардың түрі есепке алынсын.	үнемі.	Кент ауылдық округ әкімі
2.	Алғабас ауылдық округіне уақытылы ветеринарлық-санитарлық шараларды жүргізу.	үнемі.	ауылдық округ әкімі, ҚР АШМ АӨК МИК СҚАИ
3.	Алғабас ауылдық округіне басқа жақтан малдарды әкеліп, қосуга және әкетуге жол бермеу.	үнемі.	ауылдық округ әкімі
4.	Алғабас ауылдық округінде бруцеллез ауруымен ауырган малдар жайылған жайылымдардан дайындалған мал азығын үш ай уақыт сақталғаннан кейін гана пайдалану.	сауықтыру уақыты кезінде	ауылдық округ әкімі
5.	Қой-ешкі малдарының сүтін саууга тыйым салу.	сауықтыру уақыты кезінде	ауылдық округ әкімі, ҚР АШМ АӨК МИК СҚАИ
6.	Бруцеллезге оң нәтиже берген аулалардағы қой-ешкі малдарынан 15-20 күн сайын қан алынып серологиялық жолмен (РА, РСК, РДСК, РБП) бруцеллез ауруына тексеру.	толық сауықканша	ҚР АШМ АӨК МИК СҚАИ
7.	Бруцеллезге оң нәтиже берген малдарды басқа малдардан бөлек 5 тәуліктен артық ұстамау, 2003 жылдың 28 сәуірінде шыққан Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Ветеринария саласында нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" № 407 қаулысы бойынша ауру малдар жойылғаннан кейін мал иелеріне келген шығынның орнын толтыру.	сауықтыру уақыты кезінде	ҚР АШМ АӨК МИК СҚАИ, Павлодар және ШКО бойынша РМҚК "Республикалық іndetke карсы жасақ"
8.	Әрбір бруцеллез ауруына шалдығып жойылған қой-ешкі малдарының түрган орындары мүқият тазаланып, дезинфекция жасалынуы керек. Дезинфекцияның дұрыс жасалғанының қортындысын тексеру үшін ветеринарлық зерітханаға саралтама жасауға сынама (проб) іріктеп алып, оны жіберу.	сауықтыру уақыты кезінде	ҚР АШМ АӨК МИК СҚАИ
			ШКО МСЭҚД

9.	Жасы 16-га толмаган жасөспірімдер, жүкті және бала емізетін әйелдерді төл алу науқанына қатаң түрде қатыстырмау керек.	төл алу науқанында	Семей қаласы бойынша басқармасы
10.	Алғабас ауылдық округіндегі қой-ешкі малдарынан соңғы екі жолғы қанның серологиялық тексерісінде теріс нәтиже бергенше тексеріп, соңынан мал қораларына толық дезинфекция жүргізу.	толық сауықканша	ҚР АШМ АӨК МИК СҚАИ
11.	Алғабас ауылдық округінің тұрғындары медициналық дәрігердің қадағалауында болуын және адамдардың жеке басының санитарлық зоогигиеналық талаптарды қатаң сақтауларын, малдарды күттеде арнаулы күмдерді пайдалануын қадағалау.	үнемі	ШҚО МСЭҚД Семей қаласы бойынша басқармасы
12.	Алғабас ауылдық округінің тұрғындарына малдан жұғатын бруцеллез ауруының алдын алу және одан сақтану туралы насиҳат жұмыстарын жүргізу.	үнемі	ШҚО МСЭҚД Семей қаласы бойынша басқармасы
13.	Тексергендегі екі рет теріс нәтиже алғаннан соң, қой-ешкі малдары 3 ай уақытқа бақылауга қойылып, 1-1,5 ай аралығында серологиялық әдіспен екі рет тексеруден өткізу.	сауықканнан кеін	ҚР АШМ АӨК МИК СҚАИ

Ауыл шаруашылығы

бөлімінің бастығы

А. Доғалаков

ШҚО МСЭҚД – Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік санитарлық - эпидемиологиялық қадағалау департаменті.

ҚР АШМ АӨК МИК СҚАИ - Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің агрономеркесіптік кешендердегі мемлекеттік инспекция комитетінің Семей қалалық аумақтық инспекциясы.

РМҚК – Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК